

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
ШЕРХАН МҰРТАЗА АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТАРАЗ
ИННОВАЦИЯЛЫҚ ИНСТИТУТЫ

 **БАҚІТЕМІН**
Ш. Мұртаза атындағы Халықаралық
Тараз инновациялық институт ректоры,
Э.ғ.к.
А.Баяндин
2022 ж.

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БАҒЫТ БОЙЫНША
КӘСІПТІК ПРАКТИКАЛАР ЕРЕЖЕСІ

Тараз 2022 ж.

МАЗМҰНЫ

1 Қолданылу саласы	3
2 Нормативтік сілтемелер	3
3 Атаулар, анықтамалар және қысқартулар	3
4 Жалпы ережелер	3
5 Кәсіптік практика базасы ретінде ұйымды айқындау тәртібі мен бағдарламалары	5
6 Кәсіптік практиканы ұйымдастыру мен өткізуге қойылатын талаптар	6
6.1 Оқу танысу практикасы	6
6.2 Оқу практикасы	7
6.3 Өндірістік технологиялық практикасы	7
6.4 Өндірістік практикасы	7
6.5 Дипломалды пратикасы	8
6.7 Институт міндетінде	8
6.8 Институттан тағайындалған жетекшісінің міндеттері	9
6.9 Кәсіптік практика базалары болып табылатын кәсіпорындар, мекемелер, ұйымдар	9
7 Кәсіптік практиканы қорытындылауға қойылатын талаптар	10
8 Студенттердің міндеттері мен құқығы	10
9 Жауапкершілік	11
10 Қосымшалар (1-6)	12

1 ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ

1.1 Бұл ереже Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институтында (бұдан әрі - институт) студенттерге кәсіптік практиканы ұйымдастыру мен өткізу қағидаларын және практика базалары ретінде ұйымдарды айқындауға қойылатын талаптарды анықтайды.

1.2 Бұл ереже институтта студенттерге кәсіптік практиканы ұйымдастыру мен өткізу қағидаларын және практика базалары ретінде ұйымдарды айқындауға қойылатын талаптарды жүзеге асыруда негізгі құжат болып табылады.

1.3 Институттың осы ережесі, студенттерге кәсіптік практиканы ұйымдастыру мен өткізу қағидаларын және практика базалары ретінде ұйымдарды айқындауға қойылатын талаптар кадрлар даярлауды жүзеге асыратын құрылымдарда міндетті түрде енгізілуі және орындалуы тиіс.

2 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

2.1 Осы ережеде келесі нормативтік құжаттарға сілтемелер жасалынған:

- «Білім туралы» 27.07.2007 ж № 319-III ҚР Заңы;
- «Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» ҚР БЖҒМ 20.04.2011 ж № 152 бұйрығы (өзгерістерімен 23.09.2022 ж. № 79);
- «Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» 30.10.2018 ж. № 595 бұйрығы (өзгерістерімен 18.11.2022 ж. №145)
- "Педагогикалық ғылымдар" білім беру саласының студенттері үшін педагогикалық практиканы ұйымдастыру мен өткізу туралы білім беру саласындағы уәкілетті органның 2022 жылғы 25 сәуірдегі әдістемелік нұсқаулығы;
- ХТИИ Педагогикалық білім беруді дамыту Жол картасы (24.02.2022 ж. ХТИИ Ғылыми Кеңесінің отырысында бекітілді, хаттама № 7 хаттамасы).

3 АТАУЛАР, АНЫҚТАМАЛАР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР

Бұл Ережеде пайдаланған терминдер, анықтамалар және қысқартулар тізбесі:

- | | |
|----------|---|
| Институт | - Халықаралық Тараз инновациялық институты; |
| АСБ | - Академиялық саясат басқармасы; |
| ББ | - Білім беру бағдарламасы; |

4 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

4.1 *Жалпы ережелер – Жоғары білім беру бағдарламалары бойынша*

4.1.1 Институтта студенттердің кәсіптік практикасы – жоғары білікті кадрларды даярлаудың білім беру бағдарламасының міндетті компоненті болып табылады және олар мекемелер мен ұйымдарда, бала-бақша мен мектептерде, колледж, институтта және жетекші мектептерде (дарынды балаларға арналған «Дарын» мектеп-интернатымен, т.с.с.) өткізіледі.

4.1.2 Кәсіптік практиканың түрлері, мерзімдері, көлемі мен мазмұны білім беру бағдарламамен айқындалады. ББ-ға (даярлау бағыттары мен деңгейлеріне) байланысты

кәсіптік практикалардың тиісті түрлері өткізіледі. Олар оқу- танысу, оқу (арнайы, тілтанымдық, фольклорлық, диалектикалық, музейлік, археологиялық, мұражайлық, пләнерлік), педагогикалық, психолого-педагогикалық, оқу-тәрбиелік, өндірістік педагогикалық, дипломалды болып бөлінеді.

4.1.3 Практиканың ұзақтығы 30 сағатқа тең апта ішінде (6 күндік жұмыс аптасында күніне 7 сағат) практикадағы студенттің нормативтік жұмыс уақытына қарай аптамен анықталады.

4.1.4 Оқу-танысу және оқу практикасы білім берудің барлық бағдарламалары мен бағыттары шеңберінде өткізіледі. Оқу-танысу және оқу практикасының мақсаты – студенттерді практика базасы қызметінің бағыттарымен, болашақ кәсіби қызметінің функцияларымен таныстыру, кәсіби мәселелерді шешу саласындағы бакалаврлардың құзыреттілігін қалыптастыру.

4.1.5 1-курстың оқу практикасы оқу шеберханаларында, зертханаларда, институт пен оның басқа оқу- қосалқы бөлімдерінде, сондай-ақ мектептерде, ұйымдар мен мекемелерде ұйымдастырылады.

4.1.6 Педагогикалық практиканың мақсаты – жалпы ғылыми, мәдениет, психологиялық, педагогикалық, әдістемелік және арнайы пәндер бойынша студенттердің білімін тереңдету, теориялық білім негізінде педагогикалық іскерлік пен дағдыны қалыптастыру.

4.1.7 Оқу-тәрбиелік, өндірістік педагогикалық практикалар ББ-ның студенттері үшін теориялық оқыту толық аяқталғаннан кейін ұйымдастырылады. Оқу-тәрбиелік, өндірістік педагогикалық практиканың мақсаты – ББ-на сәйкес кәсіптік практика қалыптастыру, сонымен қатар бітіруші курста студенттер диплом жұмысының тақырыбы бойынша материалдарын жинақтайды.

4.1.8 Бітіруші курстарда өндірістік-педагогикалық және дипломалды практикалар негізгі оқу үдерісінен тыс уақытта ұйымдастырылады.

4.1.9 Дипломалды практикасы бітіруші курстарда теориялық оқыту толық аяқталғаннан кейін ұйымдастырылады. Дипломалды практика бойынша басшылықты әдеттегідей дипломдық жұмыстың ғылыми жетекшісі жүзеге асырады.

4.1.10 Студенттердің кәсіптік практикасын ұйымдастыру 4 кезеңнен тұрады: дайындық, таныстыру, қалыптастыру және қорытындылау. Олардың әрқайсысы студенттің кәсіптік шеберлігін қалыптастырудағы кәсіби қызметтің практикалық дайындығының ерекше тапсырмаларын жүзеге асырады.

4.1.11 Дайындық кезеңі – практиканы өткізу бойынша кешенді жұмыс оқу бағдарламасымен әдістемелік нұсқауларды даярлау және бекіту, практика өткізу үшін базалық келісім- шарттар жасасу, практика базаларын анықтау және олар бойынша студенттерді бөлу, бұйрық дайындау үшін ұсыныстарды даярлау бекіту конференцияларын өткізу.

4.1.12 Таныстыру кезең – практика базасымен және оның құрылымымен, практиканы жүзеге асыру үшін қажетті әкімшілік және нормативтік құжаттармен, ішкі тәртіп ережелері мен негізгі әдістерімен, мекеменің жұмыс бағыттары және принциптерімен, еңбекті қорғау, техника қауіпсіздігі және кәсіптік санитария ережелерімен студенттерді таныстыру болып табылады.

4.1.13 Қалыптастырушы кезең – кәсіптік функциялардың бекітілген бағдарламаларын тікелей жүзеге асыру. Практикалық және зерттеу тапсырмалары жүйесін орындау, есеп беру құжаттарын жүргізу, кәсіптік шеберлік пен дағдыларды қалыптастыру, теориялық білімдерін практикалық жұмыстарда бекіту.

4.1.14 Қорытындылау кезеңі – практикалық қызметтің нәтижелерін рәсімдеу: есеп жазу, күнделіктерді және практиканттардың есеп беру құжаттарының басқа түрлерін бекіту, институт және (немесе) практика базасы бойынша практика

жетекшісінің студенттің практикалық қызметін балмен бағалаған пікірі, кафедра меңгерушісінің Өкімімен тағайындалған комиссияның алдында есеп қорғау, практика бағдарламасының орындалуы сарапталған қорытынды конференция өткізу.

4.1.15 Студентті кәсіптік практиканың барлық түрлеріне жіберу, оту мерзімдерін, практиканың базасы мен жетекшісін көрсете отырып, институт ректорының бұйрығымен ресімделеді.

4.1.16 Студенттердің кәсіптік практикасы институттағы оқу барысында алған білімдерін бекітуге, алдыңғы қатарлы тәжірибені меңгеруге бағытталады. Практикада білім алу үдерісінде студенттер кәсіптік және ұйымдастырушылық тәжірибені меңгеруге міндетті.

4.1.17 Практика оқу пәніне тең баламалы білім беру үдерісінің негізгі элементтерінің бірі болып саналады және студенттің оқу траекториясына енеді.

4.1.18 Педагогикалық практикаға білім беру ұйымынан жетекшілік жасаған қызметкерлерге төленетін еңбек ақы институтта бекітілген сметаға сәйкес төленеді.

4.1.19 Кәсіптік практика кезінде студенттің стипендия алу құқығы сақталады.

4.1.20 Бірінші курстан бастап студенттерге тәлімгер-мектеп мұғалімін және институт кафедрасынан практика жетекшісін бекітіледі.

4.1.21 Педагогикалық практикалардың мазмұнын қайта қарау үшін ББ-мен, білім беру ұйымдарының басшыларымен бірлесіп жұмыс топтарын құру

4.1.22 ББ-мен бірлесіп тиісті талаптарға жауап беретін практика базаларының желісін құру (3 жыл бойы тұрақтылықпен).

4.1.23 Ерекше білім берудегі кәсіптік практиканы ұйымдастыруда психологиялық- педагогикалық қолдау бұл әрбір студенттің мүмкіндігі мен қажетіне қарай әлеуметтік- психологиялық және педагогикалық жағдай жасалады.

4.1.24 Тиісті мемлекеттік органдар шектеу іс-шараларын жүзеге асырған, төтенше жағдай енгізілген, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған жағдайларда кәсіптік практиканың түрлері бойынша қашықтықтан білім беру технологиясы негізінде онлайн режимінде ұйымдастырылады.

5 КӘСІПТІК ПРАКТИКА БАЗАСЫ РЕТІНДЕ ҰЙЫМДАРДЫ АЙҚЫНДАУ ТӘРТІБІМЕН БАҒДАРЛАМАЛАРЫ

5.1 Кәсіптік практика базасы ретінде ұйымды айқындау тәртібі мен бағдарламалары - Жоғары білім беру бағдарламалары бойынша

5.1.1 ББ ерекшеліктеріне сәйкес жалпы білім беретін мектептер, гимназиялар, лицейлер, балабақшалар, колледждер, спорт, музыка мектептері, көркем өнер мектептері және басқа да білім беру мекемелері "білім беру" ББ тобының кәсіптік практикасын ұйымдастыру үшін база болып табылады.

5.1.2 Студенттердің кәсіптік практикасын өткізу үшін база ретінде кәсіптік практикаға жетекшілік ету үшін білікті кадрлары мен материалдық-техникалық базасы бар ұйымдар айқындалады.

5.1.3 Кәсіптік практиканың базасы ретінде айқындалған ұйыммен кәсіптік практиканың түрін көрсете отырып, «Білім туралы» Заңның 5-бабының 24-тармақшасына сәйкес студенттердің кәсіптік практикасын өткізуге арналған шарттың үлгілік нысаны негізінде жасалған кәсіптік практиканы өткізу туралы шарт жасалады.

Практикалардың барлық түрлерін ұйымдастыру және өткізу мақсатында ХТИИ, студенттер және практика базалары арасында студенттің бүкіл оқу мерзіміне үшжакты шарт жасалады. Үлгі шарттың нысаны Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 сәуірдегі № 93 бұйрығымен бекітілген. Шарттарда институттың, практика базасы болып табылатын ұйымдардың және студенттердің

міндеттері айқындалады. ХТИИ студенттерінің кәсіптік практика базаларымен шарт практика басталғанға дейін **бір айдан** кешіктірілмей жасалады.

5.1.4 Шартта институттың, кәсіптік практиканың базасы болып табылатын мекеменің, ұйымның және студенттердің міндеттері мен жауапкершілігі айқындалады.

5.1.5 Кәсіптік практикадан өтуге жіберілген кезде студентке кәсіптік практиканың әдістемелік нұсқауы, бекітілген нысандар бойынша практикадан өту туралы күнделік-есеп беріледі. Кәсіптік практиканың түрлері бойынша студенттерге институттан және практика базасынан –мекемеден, ұйымнан жетекшілер тағайындалады.

5.1.6 Практика жетекшілерінің қызметтерін, міндеттері мен жауапкершілігін институт және практика базасы –мекеме, ұйым келісім бойынша дербес айқындайды.

5.1.7 Мекемеде өндірістік қажеттілік болған жағдайда практикант-студент белгілі бір лауазымға оларға еңбек ақысын төлей отырып, уақытша жұмысқа қабылдана алады.

5.1.8 Кәсіптік практиканың базасы болып табылатын ұйым кәсіптік практиканың бағдарламасына сәйкес оны өту үшін студенттерге орын береді және студенттердің жұмыс орнында қауіпсіздігін қамтамасыз етеді.

5.1.9 Практика базасы болған ұйым студенттермен кәсіптік практиканы өту кезінде болатын қайғылы оқиғаларға Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес толық жауапты болады.

5.1.10 Кәсіптік практика бағдарламасын ББ-ның саласы мен түріне сәйкес практика базалары ретінде айқындалған мекемелермен, ұйымдармен келісе отырып, ББ-на жауапты, кәсіптік практика жетекшісі әзірлейді.

5.1.11 Кәсіптік практиканың бағдарламасы өз мазмұны бойынша ББ-ң бейінін, практика түрінің ерекшелігін, кәсіби стандарттардың және ББ-ң талаптарын, құзыреттерін, оқыту нәтижелерін және практика нысанының сипатын көрсетеді.

Кәсіптік практиканың бағдарламасы мерзімді жаңартылады және ғылым мен техниканың заманауи жетістіктерін, практика базасында қолданылатын инновациялық технологияларды (бар болған жағдайда) қамтып көрсетеді. Кәсіптік практиканың бағдарламасын жаңарту және қайта бекіту өзгерген жағдайда ғылыми кеңесте бекітіледі.

5.1.12 Практика бағдарламасында студенттің кәсіптік практиканы ойдағыдай өтуіне қажетті пререквизиттер, яғни базалық теориялық курстардың тізімі көрсетіледі.

5.1.13 Әрбір студент кәсіптік практикаға арналған оқу бағдарлама, әдістемелік нұсқауы және күнделікпен қамтамасыз етілуі тиіс.

Практика оқу бағдарламасы мыналарды қамтуы қажет:

- студенттердің жеке тапсырмаларын орындау мерзімдері мен мазмұны, практиканың ұзақтығы мен негізгі бағыты;

- студенттердің мекемелер мен ұйымдардың тиімді ұсыныс жасау және өнертапқыштық жұмыстарына, практика орнындағы инновациялық үдерістерге қатысуы;

- экскурсиялардың жобаланған мазмұны мен өткізу мерзімдері;

- студентке кәсіптік практика нәтижесін қорытындылау мен практика есебін дайындау үлгісі;

- практика есебін қорғау мен оны бағалау тәртібінде (критерийлері) ББ-да жоспарланған игерілетін оқыту нәтижелері қамтылалы.

5.1.14 Үздіксіз педагогикалық практика бағдарламалары мен ұйымдастырылу мазмұны:

- пәндік сала мен кәсіпті білу мен түсіну;

- практикада білімді қолдану қабілеттілігі;

- жеке тұлғаның білім алу қажеттілігін, жетістіктері мен даму деңгейін диагностикалау мен бағалау қабілеттілігі;

- заманауи әлеуметтік мәдени жағдайлар мен жеке тұлға дамуының деңгейі есебінен білім беру үдерісін жоспарлау мен жүзеге асыру қабілеттілігі;

- кәсіптік іс-әрекеттерде білім берудің теориялық және әдіснамалық негіздерін

пайдалану кабілеттілігі;

- этикалық нормаларға сәйкес әрекет ету кабілеттілігі;
- құзыреттерін қалыптастыратындай болуы қажет.

5.1.15 Педагогикалық практика бағдарламасы студенттерде кәсіби мәнді іскерліктерді меңгеруге және түйінді құзыреттерді қалыптастыруға бағытталуы қажет:

- оқу және тәрбие үдерісінің негізгі құраушыларын жоспарлау, болжау, талдау;
- дидактикалық мақсаттар мен міндеттерге сәйкес оқыту әдістері мен құралдарын қолдану деңгейін айқындау;
- оқушылардың оқу-танымдық, еңбек, қоғамдық, табиғатты қорғау, денсаулық сақтау, ойындық және басқа да іс-әрекет түрлерін ұйымдастыру мен жүзеге асырудың әртүрлі әдістері мен формаларын пайдалану;
- оқушылардың даму ерекшеліктеріне сәйкес оқу және тәрбие жұмыстарын олардың жеке даралық тұғыр тұрғысынан жүзеге асыру;
- педагогикалық үдеріс жағдайына педагогикалық диагностикалауды өткізу;
- оқушылардың, педагогтар мен өзінің жеке іс-әрекеті нәтижелерін бағалау.

6 КӘСІПТІК ПРАКТИКАНЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ МЕН ӨТКІЗУГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

6.1 Оқу-танысу, оқу (арнайы, далалық, экскурсиялық т.б.), өндірістік, дипломалды практикалар ББ-ның негізінде ұйымдастырылады.

6.2 Оқу, педагогикалық практикалар теориялық оқу үдерісінен тыс уақытта өткізіледі.

6.3 Өндірістік педагогикалық және дипломалды практикалар институтпен келісім-шарт жасалған мекемелерде, ғылыми-зерттеу институттарында, мектептерде, отандық, шетелдік университеттерде және институтымыздың құрылымдық бөлімдерінде өткізіледі.

6.4 Оқу практикасы барлық бакалавриат даярлау бағытының 1-курс студенттері үшін өткізіледі. Оқу және оқу-танысу практикасының мақсаты – студенттерді практика базасы қызметінің бағыттарымен, болашақ кәсіби қызметінің функцияларымен таныстыру.

Оқу практикасының негізгі міндеттері:

- 1) білім беру бағдарламаларымен танысу;
- 2) болашақ кәсіптің объектісі болып табылатын ұйымның ұйымдық-құқықтық нысанымен, құрылымымен, басқару жүйесімен және т.б. жалпы танысу;
- 3) болашақ кәсіптік қызметінің түрлерін, функцияларын және міндеттерін зерделеу;
- 4) іскерлік хат алмасуды зерделеу және іс қағаздарын жүргізу;
- 5) еңбек ұжымында жұмыс жасау дағдыларын игеру болып табылады.

6.5 Оқу (танысу) практикасы болашақ кәсіптік қызметінің нысаны болып табылатын ұйымда танысу экскурсияларын қамти отырып жоғары оқу орындарында өткізіледі.

Оқу практикасы аяқталғаннан соң студенттерге олардың практика кезінде жұмысы бойынша ағымдағы бақылаудың негізінде баға қойылады.

6.6 Оқу практикасы ББ бойынша кадрлар даярлауды жүзеге асыратын арнайы кафедраға бекітіледі.

6.7 Оқу практикасының бағдарламасы ББ-на талаптарына сәйкес әзірленеді.

6.8 ББ-ның ерекшелігіне байланысты оқу практикасы кезінде практиканың далала өтетін, далалық, экскурсиялық және тағы басқа түрлерін ұйымдастыруға болады. Бұл практика түрлерінің мақсаты студенттерде кәсіби міндеттерді дамытуды толықтыратын және тиісті құзыреттерін қалыптастыру болып табылады. Кәсіптік практиканың бағдарламаларын ББ бойынша кадрларды даярлаушы кафедралар әзірлейді.

6.9 Кәсіптік практикаға теориялық және базалық пәндерді толығымен меңгерген студенттер жіберіледі.

6.10 Студентті кәсіптік практикаға жіберу туралы ұсынысты практика жетекшісі және кафедра меңгерушісі келісім-шарттар мен студенттердің практикадан өтуге рұқсат етілген мекемелер бойынша анықтайды.

6.11 Студенттер практикадан өту барысында институтта таңдаған ББ-ның саласына байланысты нақты мекеменің, ғылыми-зерттеу мекемелерінің, ұйымдардың нақты жағдайымен танысады.

6.13. Практикаға жетекшілік жасау

Кәсіптік практиканы ұйымдастыруға және өткізуге декандар, кафедра меңгерушілері, практика жетекшілері жауапты болады. ББ студенттерінің практикасына оқу-әдістемелік жетекшілікті, оқу жоспарларын, практика бағдарламаларын орындалуы мен оны жоғары деңгейде өткізуді ХТИИ тиісті (шығарушы) кафедралары жүзеге асырады.

6.13.1 Институттың практика жетекшісі:

- ББ-на, оқу жұмыс жоспарына, бағдарламаға және әдістемелік нұсқауға сәйкес студенттердің практикадан өтуін қамтамасыз етеді;
- практиканы өткізудің жалпыинституттық бұйрық жобасын жасайды, институт бойынша практиканың нәтижелерін нақты жоспарлау мен есепке алуды қамтамасыз етеді;
- даярлық бағытына сәйкес кәсіптік практика түрлерін өткізуге дайындық жұмыстарын жүзеге асырады (практика базаларымен шарттар жасасу немесе жаңарту, олармен бағдарламаларды келісу, институт тарапынан бұйрық жобаларын шығару және т. б.);
- студенттердің кәсіптік практикасының түрлерін дайындау бағытына сәйкес ұйымдастыру мен өткізуге, оның мерзімі мен мазмұнының сақталуына жалпы бақылауды жүзеге асырады, студенттердің практикасын басқаруға қатысатын практика базаларының қызметкерлеріне ақы төлеу жөніндегі құжаттаманы бақылайды;
- кәсіптік практиканың тиісті түрлері бойынша анықтамалық және қорытынды конференцияларды дайындауды және өткізуді ұйымдастырады, оларға қатысады;
- дайындық бағытына сәйкес келетін кәсіптік практика түрлерінде жетекші болып табылатын институт оқытушылары, педагогика, психология кафедрасы және басқа кафедралар жетекшілерінің қызметін үйлестіреді және бақылауды жүзеге асырады;
- бір апта ішінде практика аяқталғаннан кейін барлық курстарда кәсіптік практиканың тиісті түрлерінің қорытындылары бойынша жалпыинституттық есеп жасайды.

6.13.2 ХТИИ кафедралары:

- даярлау бағытына сәйкес келетін кәсіптік практика түрлерін басшылық ету үшін жетекшілер ретінде даярлау бағытының ерекшелігін кең меңгерген жоғары білікті профессорлар, доценттерді және аға оқытушыларды бөледі;

- ББ-ның негізінде кәсіптік практиканың тиісті түрлеріне арналған дайындық бағыттары мен УОЖ негізінде жұмыс жоспарларын, оқу-әдістемелік құралдар, ұсынымдар, базалық мекемелердің студенттері мен қызметкерлері үшін практиканың әртүрлі түрлері бойынша қажетті нұсқаулық-әдістемелік материалдар әзірлейді және оларды аталған өнімдермен қамтамасыз етеді;

- студенттерді кәсіптік практиканың тиісті түрлеріне даярлауды жетілдіру мақсатында арнайы семинарлар, дайындық бағытының пәндік саласындағы ғылым мен практиканың соңғы жетістіктері бойынша элективті курстар ұйымдастырады;

- міндетті түрде еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқаулық сабақтар өткізіледі;

- практика қорытындысы бойынша есептерді қорғау бойынша комиссия құрады;

- ұйымдастыру және қорытынды конференцияларды ұйымдастырады және өткізеді.

6.13.3 Кафедрадан тағайындалған жетекші:

6.13.3.1 практика басталмас бұрын студенттердің қажетті дайындықтарын ұйымдастырады;

6.13.3.2 студенттерге оқу жоспары мен бағдарламасына сәйкес консультациялар өткізеді;

6.13.3.3 кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдардың студенттерге еңбек және тұрмыс жағдайларын қамтамасыз етуіне, оларға еңбекті қорғау мен техника қауіпсіздігі бойынша міндетті нұсқау беруіне, ішкі еңбек тәртіп ережелерін орындауына бақылауды жүзеге асырады;

6.13.3.4 студенттердің кәсіптік практика есептерін тексеріп, қорғауға дайындығын жетілдіруге байланысты ұсыныстар және ескертулер, практиканың өтуі мен қорытындысы бойынша жазбаша есеп береді;

6.13.3.5 практика бойынша есеп қабылдау комиссиясының жұмысына және студенттердің өндірістік кәсіптік практика бойынша ұйымдастыру, жабылу мен қорытынды есеп беру конференцияларын ұйымдастырып, дайындауға қатысады.

6.13.4 Мектептен тағайындалған тәлімгер-мұғалім:

- студенттер үшін инновациялық тәсілдерді, технологияларды, оқыту стратегияларын, атап айтқанда білім берудің жаңартылған мазмұны бойынша көрнекі сабақтар өткізеді;
- әдістемелік және арнайы пәндер бойынша білімді өзектендіру мақсатында педагогикалық практикаға шығар алдында студенттерге арналған оқыту семинарлары өткізіледі;
- сабақ жоспарлары, қысқа мерзімді сабақ жоспарлары (ҚМЖ), сабақтар мен сыныптан тыс сабақтарға қатысады, оларды талдайды және бағалайды, студенттердің жеке жұмыс жоспарларының орындалуын бақылайды;
- практиканың топ жетекшісімен /староста/ бірлесіп, студенттер арасында баланы дамыту сабақтар мен сыныптан тыс іс-шаралар тақырыптарын белгілеп, бөледі;
- сабақ өткізуге дайындық кезінде студенттерге кеңес береді, жоспарларын (ҚМЖ) қарайды және бекітеді;
- студенттерге әртүрлі сабақтарды дайындауға, практикалық және зертханалық сабақтарды өткізуге және т.б. көмектеседі;
- студенттердің берген сабағын талдау мен бағалауға қатысады;
- студенттерге білім деңгейі төмен оқушылармен сабақ өткізу, дәптерлерді тексеру, көрнекі құралдар жасау, презентациялар дайындау, оқу бейнефильмдерін таңдауды және т.б. тапсырады;
- студенттерге мінездеме береді және олардың жұмысына баға береді;
- студенттердің күнделік жүргізуін қадағалайды, тапсырмаларды орындағаны туралы қол қойып растайды, студенттердің есебін дайындауын бақылайды;
- педагогикалық практика бойынша білім беру ұйымы басшысы өткізетін Кеңеске, сондай-ақ мүмкіндігінше институтта өткізілетін ұйымдастыру және қорытынды конференцияларға қатысады.

6.13.5 Тәрбие жұмысы бойынша әдіскерлер:

- студенттерге педагогика кафедрасының оқытушыларымен бірлесіп практиканың барлық кезеңіне жеке жоспар құруға, практика бағдарламасына сәйкес оқу және сыныптан тыс сабақтардың, тәрбие жұмысы және оқушылар ұжымы мен тұлғасын зерделеу жөніндегі іс-шаралардың мазмұнын нақтылауға көмектеседі;
- студенттердің сабақтар мен сыныптан тыс сабақтарды жоспарлау, дайындау және өткізу кезінде әдістемелік көмек көрсетеді, оларды тексереді және бекітеді;
- студенттердің педагогикалық практикасына әдістемелік басшылықты жүзеге асырады, оларға білім беру, оқыту, тәрбиелеу және кәсіптік бағдар берудің өзекті мәселелері бойынша кеңес береді;
- бекітілген студенттерді оқу-тәрбие жұмысының жоспарымен, сынып ерекшеліктерімен, оқушылардың даму деңгейімен таныстырады, ашық және сыныптан тыс сабақтар өткізеді, оларды талқылауды ұйымдастырады;
- сынып жетекшісімен (директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары) бірлесіп

практиканттардың оқушылармен тәрбие жұмысын жоспарлайды, оларға кеңес береді және тапсырмалардың орындалуын қамтамасыз етеді;

- практиканттардың сабақтары мен сынып сағаттарына қатысады, оларды дайындауға және өткізуге көмек көрсетеді, сабақтар мен сынып сағаттарын талдауға қатысады және бағалайды;

- студенттерге оқушылардың жеке жас ерекшеліктерін зерттеу мен есепке алуға көмек көрсетеді;

- студенттерге психология оқытушыларымен бірлесіп сынып (топ) оқушыларының тұлғасын және ұжымды психологиялық педагогикалық зерттеу бағдарламасын жасауға көмектеседі;

- студенттер ұсынған құжаттаманы талдайды, тәжірибе қорытындысы бойынша есеп жасайды және оларды басшыға ұсынады;

- педагогикалық практика бойынша қорытынды конференцияларға, сондай-ақ практикалардың барысы мен қорытындылары бойынша білім беру мекемесінің басшысы өткізетін кеңестерге қатысады;

6.13.6 Психология пәнінің оқытушысы:

- оқушылардың жеке басын және ұжымын психологиялық зерттеу мәселелері бойынша ұжымдық және жеке кеңестер өткізеді;

- жекелеген оқушылар мен сынып (топ) ұжымының тұлғасын психологиялық-педагогикалық зерттеу бойынша тапсырмаларды әзірлейді;

- практиканттардың сабақтары мен сыныптан тыс іс-шараларына қатысады (іріктеліп) және оларды талдауға қатысады;

- студенттердің оқушы тұлғасын және оқушылар ұжымын психологиялық зерттеу және практика бағдарламасында қарастырылған психология бойынша басқа да тапсырмаларды орындау бойынша жұмысын басқарады;

- педагогикалық практика бойынша қорытынды және қорытынды конференцияларға, сондай-ақ институт кафедрасы өткізетін мәжілістерге қатысады;

- практиканың қорытындысын шығаруға және жалпы сараланған баға қоюға қатысады

6.14 Кәсіптік практиканы ұйымдастырудың нәтижесі ББ-на сәйкес кадрларды даярлау бағыты бойынша бітіру жылы ішінде түлектердің кемінде 50%-ын жұмысқа орналастыруды қамтамасыз ету болып табылады.

7 ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ПРАКТИКАНЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ МЕН ӨТКІЗУГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

7.1 Педагогикалық практикалар кадрларды даярлау бағытының ББ негізінде ұйымдастырылады.

7.2 Педагогикалық практикаларды ұйымдастыру уақыты академиялық кезеңмен қатар үздіксіз және оқу үдерісінен тыс аралықтарда өткізу қарастырылады.

7.3 Педагогикалық практикалар институтпен келісім-шарт жасалған білім беру ұйымдарында, отандық, шетелдік университеттерде және институтымыздың кафедралары мен жоғары мектептің бағдарламаларында өткізіледі.

7.4 Педагогикалық практиканың мақсаты жалпы ғылыми, культурологиялық, психологиялық-педагогикалық, әдістемелік және арнайы пәндер бойынша білімдерді бекіту және тереңдету, теориялық білімдер негізінде педагогикалық машықтарды, дағдылар мен құзыреттерді қалыптастыру және оқыту нәтижелерін игеру болып табылады.

Педагогикалық практиканың негізгі міндеттері:

- 1) педагогикалық қызметтің бастапқы тәжірибесін игеру;
- 2) сабақ беру мен оқыту әдістемесін меңгеру;

- 3) педагогикалық шеберліктің негіздерін білу;
- 4) оқу-тәрбие және оқытушылық жұмысты өз бетінше жүргізудің машықтары мен дағдыларына баулу;
- 5) ғылыми-психологиялық және педагогикалық зерттеудің дағдыларын меңгеру;
- 6) тәрбие жұмысының әдістемесін меңгеру;
- 7) оқытудың инновациялық технологияларын білу;
- 8) оқу және тәрбие жұмысы барысында студенттерге олардың даму ерекшеліктерін ескере отырып жеке тәсілді жүзеге асыру болып табылады.

Педагогикалық ғылымдар білім беру саласының студенттеріне педагогикалық практика 1-курстан бастап өткізіледі және:

- 1) 1 курс студенттерінің педагогикалық практикасын;
- 2) 2-курс студенттерінің психологиялық-педагогикалық практикасын;
- 3) 3-курс студенттерінің оқу-тәрбиелік педагогикалық практикасын;
- 4) 4-курс студенттерінің өндірістік (педагогикалық) практикасын қамтиды.

1 курс студенттерінің ББ танысып болашақ кәсіптің объектісі болып табылатын ұйымның ұйымдық-құқықтық нысанымен, құрылымымен, басқару жүйесімен және т.б. жалпы танысу болып табылады.

2 курс студенттерінің психологиялық-педагогикалық практикасы студенттердің бойында тұрақты қызығушылық пен мұғалім мамандығына жағымды қатынасты қалыптастыруға, студенттік ұжымның психологиялық-педагогикалық ерекшеліктерін зерттеу процедурасымен практикалық танысуды, сабаққа (тәрбиелік іс-шараға) психологиялық- педагогикалық талдау жүргізу қабілетін қалыптастыруға бағытталған.

Психологиялық-педагогикалық практика нәтижелері бойынша оқытудың нәтижелері:

- адамның жасына байланысты психологиялық және физиологиялық дамуының негізгі заңдылықтарын түсіндіре алады;
- педагогикалық мінез-құлықтың кейбір модельдерін зерттей отырып, мұғалімдердің мінез-құлқын бақылайды және талдайды;
- қолайлы білім беру ортасын құрудың негізгі әдістері туралы білімдерін көрсетеді;
- оқушылардың жеке ерекшеліктерін және мектеп ұжымын дамытуды психологиялық- педагогикалық диагностикалау және бағалау әдістерін игереді;
- тәлімгер-мұғалімнің басшылығымен оқудың негізгі қажеттіліктері мен қиындықтарын анықтайды;
- оқу сабақтарына талдау жасай алады.

3-курс студенттерінің оқу тәрбиелік педагогикалық практикасы әлеуметтік, психологиялық, педагогикалық және арнайы пәндер мен практиканы оқып үйрену кезінде алынған теориялық білімдердің байланысын орнатуға бағытталған; студенттердің практикалық дағдыларын қалыптастыру және жоспарлау, білім беру ұйымдарында жаңартылған мазмұн аясында пән бойынша оқу, сыныптан тыс, тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру және жүргізу.

Оқыту тәжірибесінің нәтижелері бойынша оқыту нәтижелері:

- тәлімгер-мұғалімнің басшылығымен дидактикалық білімді арнайы бағыттағы біліммен интеграциялай отырып, стандартты оқу сабақтарын құрастырады және өткізеді;
- әр түрлі психологиялық өзара әрекеттесу жағдайында оқушылардың мінез-құлқын реттеудің қарапайым дағдыларына ие;
- оқушылардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, оқытудың сәйкес әдістерін тандайды;
- пән бойынша оқу-бағдарламалық құжаттаманың қысқа мерзімді мазмұнын талдайды және құрастырады;
- оқушылардың жеке ерекшеліктеріне және мектеп ұжымының дамуына диагностикамен бағалау жүргізеді;

- білім беру ортасына құрылымдық-мазмұндық талдау жүргізуді біледі.

4-курс студенттерінің өндірістік-педагогикалық практикасы орта білім берудің жаңартылған мазмұны шеңберінде студенттерді практикалық педагогикалық қызметке интеграцияланған енгізуге бағытталған; оқу сабақтарын өз бетінше өткізу және талдау бойынша практикалық дағдыларды қалыптастыру; оқығудың заманауи стратегияларын (сыни тұрғыдан ойлау, функционалдық сауаттылық, критериалды бағалау, бірлесіп оқыту), инновациялық білім беру технологияларын практикада қолдану; қорытынды біліктілік жұмысының таңдалған тақырыбына сәйкес психологиялық-педагогикалық зерттеулерді іс жүзінде жүзеге асыру.

Өндірістік және педагогикалық практика нәтижелері бойынша оқыту нәтижелері:

- оқығудың сабақтастығы мен сабақтастығын ескере отырып, оқу сабақтарын жоспарлайды;

- оқығудың жаңа технологияларын қолдана отырып, стандартты оқу сабақтарын өткізеді;

- сабақтардың қойылған мақсаттарына сәйкес оқу материалдарын жасайды;

- жас топтарына немесе жеке балаларға арналған жеке білім беру және оқыту бағдарламаларын қалай құруға болатындығын біледі;

- білім беру ортасын жоспарлау және зерттеу әдісіне иелік етеді.

7.5 Педагогикалық практиканың базасы:

1) мектепке дейінгі ұйымдар;

2) жалпы білім беру (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта) ұйымдары;

3) техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары болып табылады.

7.6 Педагогикалық практиканың бағдарламасы ББ-ның талаптарына сәйкес әзірленеді және студенттердер кәсіби мағыналы машықтарды жасауға және мұғалім мен педагогтың педагогикалық құзыреттерін қалыптастыруға бағытталады.

7.7 Өндірістік-педагогикалық практиканың мақсаты кәсіби құзыретін бекіту, кәсіби қызметінің практикалық дағдылары мен тәжірибені игеру болып табылады.

Өндірістік педагогикалық практиканың негізгі міндеттері:

1) ББ бойынша кәсіптік қызметінің түрлерін, олардың функциялары мен міндеттерін оқып зерттеу;

2) теориялық білімдерді бекіту және бұл негізінде кәсіби машықтарды, дағдылар мен құзыреттерді қалыптастыру;

3) инновациялық технологияларды, еңбек пен өндірістің озық әдістерді меңгеру;

4) ұйымдастырушылық және кәсіптік тәжірибені игеру;

5) командалық жұмыстың, басқарудың корпоративтік қағидалары құзыретінің дағдыларын игеру;

6) өз бетінше өз қызметті жоспарлау, әріптестермен пайдалы байланыстарды орнату, рольдік кәсіби ұстанымын айқындау, жауапкершілік сезімін қалыптастыру машықтарды меңгеру болып табылады.

7.8 Педагогикалық практикаға теориялық және базалық пәндерді толығымен меңгерген студенттер жіберіледі.

7.9 Студентті педагогикалық практикаға жіберу туралы ұсынысты практика жетекшісі және кафедра меңгерушісі келісім-шарттар мен студенттердің практикадан өтуге рұқсат етілген білім беру ұйымдарының білікті кадрлары мен материалдық-техникалық базасы бойынша анықтайды.

7.10 Студенттер педагогикалық практикадан өту барысында институтта «Педагогикалық ғылымдар» білім беру саласының студенттері таңдаған ББ байланысты ұйымның және мектептің нақты жағдайымен танысады.

7.11 Педагогикалық практиканы ұйымдастырудың нәтижесі ББ-на сәйкес кадрларды даярлау бағыты бойынша бітірген түлектердің бір жыл ішінде кемінде 60%-ын жұмысқа

8 ДИПЛОМАЛЫ ПРАКТИКАСЫН АЙЫМДАСТЫРУҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

орналастырылуы қамтамасыз ету болып табылады.

8.1 Дипломдық жұмысты дайындау және жазу үшін Б-да дипломалындағы практика көзделді.

Дипломалы практика жеке оқу жоспарына сәйкес дипломдық жұмысты орындайтын барлық Б-д студенттері үшін бітіру курсында ұйымдастырылады және өткізіледі.

8.2 Дипломалы практика тиісті Б-д бойынша дайындықты жүзеге асыратын арнайы кафедрата бекітіледі.

8.3 Дипломалы практикаға ғылыми жетекшілікті дипломдық жұмыстың ғылыми жетекшісі жүзеге асырады.

8.4 Дипломалы практиканың ұзақтығы дипломдық жұмысты жазуға бөлінген кредиттер (4 кредит) санымен айқындалады.

8.5 Дипломалы практиканың мазмұны дипломдық жұмыстың тақырыбымен айқындалады.

8.6 Дипломалы практика кезінде студент тиісті практика бағасының кәсіби қызметі бойынша нақты материалдарды, дипломдық жұмыс тақырыбы бойынша практикалық материалдарды жинауды жүзеге асырады.

8.7 Студенттерде дипломалы практикадан өту нәтижесінде мыналар қалыптасады:

Жалпы мәдени және жалпы кәсіби құзыреттер:

- өзін-өзі ұйымдастыру және өзін-өзі тәрбиелеу қабілеті;
- ар түрлі көздерден және дереккөзінен ақпаратты іздеу, сәтті және талдау, ақпараттық, компьютерлік және желілік технологияларды қолдана отырып, оны қажетті форматта ұсыну мүмкіндігі;
- ойлау мәдениетін, ақпаратты жинау, талдау, қабылдау, мақсат қою және оған жету жолдарын талдау қабілеттерін меңгеру;
- әлеуметтік және кәсіби міндеттерді шешуде әлеуметтік, гуманитарлық және экономикалық ғылымдардың негізгі ерекшелігі мен әдістерін қолдану.

Кәсіби құзыреттер:

- берілген әдістеме бойынша зерттеулер жүргізу және эксперименттер нәтижелерін талдау қабілеті;
- заманауи ақпараттық технологияларды меңгеру, іскерлік саланың қолданбалы бағдарламаларын пайдалана отырып, ақпаратты бақылау қабілеті, өзінің пәндік саласында желілік компьютерлік технологияларды және деректер бағасын пайдалану;
- бағдарламалар мен іс-шараларды жоспарлау және талдау қабілеті.

8.8 Қашықтықтан оқыту нысанының студенттері өз қалауы бойынша практика бағасын тандайды. Дайындық бағаты бойынша білім беру мекемесінде жұмыс істейтін және кемінде бір жыл педагогикалық өмірі бар студенттердің практикасы жұмыс орнынан берілген құжаттама негізінде есептеледі.

9 КӘСІПТІК ПРАКТИКА БАҒЫСЫН ҚОРЫТЫНДЫЛАҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

9.1 Кәсіптік практиканы қорытынды бақылау түрі негізгі оқу жоспарда және жұмыс оқу жоспарына сәйкес есеп-дифференциалдық сынақ түрінде қабылданады. Кәсіптік практикасының есебінде студенттердің орындаған нақты жұмыстары туралы мәліметтер мен ұйым туралы, оның қызметі, еңбек қорғау мәселелері туралы бағылау, ұсыныстар мен қорытындылар жазылуы керек. Есеп беру үшін студентке практика соңында ұақыт беріледі және бағдарламада көрсетіледі.

9.2 Кәсіптік практикадан өткен студенттері кәсіптік практиканың әр түрінің қорытындылары бойынша тиісті кафедраға практика жетекшісі тексеретін және кафедра меңгерушісінің Өкімімен құрылған комиссияның алдында қорғалатын есепті ұсынады.

9.3 Комиссия құрамына практиканы жүргізетін практикаға жауапты тұлға оқытушылар, кафедра меңгерушісі, жетекшілерінен құрылады.

Есепті қорғау нәтижелері институттың белгіленген балдық–рейтингтік әріптік жүйесі бойынша сараланған (дифференциалды) сынақпен бағаланады.

Практика бойынша бір жетекшіні тағайындау кезінде (әдетте оқу, оқу-танысу, далалық және т.б.) баға көрсетілген білімге ұсынылған есепті қорғау қорытындылары бойынша қойылады.

Практика бойынша екі жетекшіні тағайындау кезінде практика базасынан жетекшісінің үлес салмағы қорытынды бағалауда практика бағдарламасында көрсетілген мөлшерде, студенттің практика есебін қорғау нәтижелерінде ескеріле отырып қорытынды баға қойылады.

9.4 Кәсіптік практиканың қорытындысы кафедрада талқыланады.

9.5 Кәсіптік практика бағдарламасын орындамаған, жұмысы туралы теріс пікір немесе есебін қорғағанда «қанағаттанарлықсыз» баға алған студент практикадан қайта өтеді. Қайта өту тәртібі институтта қабылданған ереже бойынша жүзеге асады және практиканың есебі қорғау кезінде алған бағалық, балдық, рейтингтік жүйемен қайта бағаланады.

9.6 Дәлелді себеппен практикаға келмеген жағдайда студент практиканы келесі академиялық кезеңде ақысыз өтеді және тапсырады.

9.7 Дәлелді себептерсіз практикаға келмеген немесе келесі академиялық семестрге немесе курсқа ауысу үшін қажетті практика бойынша балл жинамаған, яғни қорытынды бақылау бойынша қанағаттанарлықсыз баға алған студент қосымша (жазғы) семестр немесе келесі академиялық кезең ішінде ақылы негізде практикадан өтуге және оны тапсыруға құқылы.

9.8 Студенттердің кәсіптік практика бойынша дайындаған және қорғалған есептерінен үлгі үшін «өте жақсы», «жақсы» бағаланған есептері кафедрада 1 жыл сақталады, одан басқа кәсіптік практикалардың есептері оқу жылының соңында акт түзу арқылы жойылады.

10 СТУДЕНТТЕРДІҢ МІНДЕТТЕРІ МЕН ҚҰҚЫҒЫ

10.1 Студенттердің міндеттері:

- 1) кәсіптік практика бағдарламасында қарастырылған тапсырмаларды толығымен орындау, практика күнделігін жүргізу;
- 2) Мекемеде, ұйымда, мектепте қалыптасқан ішкі тәртіп ережелеріне бағыну;
- 4) тиімді ұсыныс жасау тиісті кафедралардың тапсырмаларымен қатысу;
- 5) барлық тапсырмалардың орындалғаны жайында кәсіпорын жағынан тағайындалған жетекшісі қол қойған күнделігін және жазбаша есебін институт тарапынан тағайындалған жетекшісіне ұсыну.

10.2 Студенттің құқығы:

- 1) кәсіптік практика бағдарламасында қарастырылмаған жұмыстарға қатыспауға;
- 2) бос жұмыс орны болған жағдайда ББ саласына сай ақы төленетін жұмысқа қабылдануға құқығы бар.

11 ЖАУАПКЕРШІЛІК

11.1 Кәсіптік практиканы өткізу мен ұйымдастыруға келісім-шарттарда көрсетілген

тараптар жауап береді.

11.2 Кәсіптік практикадан өтіп жатқан студенттер жазымға ұшыраған жағдайда келісім-шартта көрсетілген тараптар жауап береді.

11.3 Кәсіптік практикадан өтпеген немесе бағдарламаны орындамаған студент үшін негізсіз бұрмаланған ақпарат берілген жағдайда практика жетекшісі мен кафедра меңгерушісі және педагогикалық практикада (бакалавриатта) жалпы білім беру ұйымының басшылары да жауапты болып табылады.

Институттың Ғылыми кеңесінде (23.11.2022 ж. № 4 хаттама) қарастырылды және бекітілген.